

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАРУА (ФЕРМЕР) ҚОЖАЛЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

ЖАКУПОВА Б.А. , МАҒЗУМ А.А. 

*Жакупова Бакытгул Абдрашитовна – Экономика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: bzhakupova@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-6965-6006>

Мағзум Арыстан Аманкелдіұлы – I курс магистранты, 7M04105 Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: Arystan.magzum@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-8720-9432>

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы шаруа (фермер) қожалықтарының қалыптасуы, даму кезеңдері және мемлекеттік қаржыландыру жүйесінің қазіргі жағдайы кешенді талданады. Зерттеу шаруа қожалықтарының институционалдық негіздерін, өндірістік мамандану ерекшеліктерін және мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін қарастырады. Посткеңестік кезеңдегі жер реформаларының әсерінен бастап, 2010 жылдан кейінгі субсидиялау мен жеңілдетілген несиелеу жүйесінің күшеюіне дейінгі төрт даму кезеңі жіктелген.

2024–2025 жылдардағы эмпирикалық деректер негізінде шаруа қожалықтарының саны (251 635-тен астам), мемлекеттік қолдау көлемі (114,7 млрд теңге, 20 739 мақұлданған өтінім), негізгі бағдарламалар («Кең дала», «Агробизнес», «Ауыл Аманаты», ҚазАгроҚаржы лизингі) және өңірлік ерекшеліктер (солтүстік – дәнді дақылдар, оңтүстік және батыс – мал шаруашылығы мен суару) талданады.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік субсидиялау мен цифрландырудың өнімділікті 3–5 %-ға арттыруға, жаңа жұмыс орындарын (10 мыңнан астам) ашуға және ауылдық инфрақұрылымды дамытуға ықпал еткенін көрсетеді. Дегенмен, жер ресурстарының тең бөлінбеуі, климаттық тәуекелдер және қолдау тетіктерінің өңірлік бейімделуі сияқты проблемалар сақталуда.

Қорытындыда шаруа қожалықтарының тұрақты дамуы үшін жер қатынастарын жетілдіру, цифрлық технологияларды (UAV, спутниктік мониторинг) кеңінен енгізу, шағын фермерлерге қаржылық қолжетімділікті кеңейту, кооперацияны және экологиялық таза өндірісті қолдау қажеттігі негізделеді. Алынған қорытындылар аграрлық саясатты жетілдіру және болашақ зерттеулер үшін теориялық-әдіснамалық негіз бола алады.

Түйін сөздер: шаруа (фермер) қожалықтары, мемлекеттік қаржыландыру, субсидиялар, жеңілдетілген несиелеу, аграрлық саясат, цифрландыру, өңірлік даму, тұрақтылық.

Кіріспе

Қазіргі таңда еліміздегі ЖҰӨ үлесіндегі ауылшаруашылық саласы өнімдерінің алатын орны 3, 7 пайызды құрап отыр [1]. Ал ол ауыл шаруашылығының ел экономикасындағы алатын орнын сипаттайтыны анық. Ауылшаруашылығының бір бөлігі болып саналатын шаруа (фермер) қожалығының экологиялық табиғи таза өнімдерді өндірудегі үлесі мен маңыздылығы орасан зор. Еліміздегі нақты үлесі 20,4 пайызды құрап отыр [2]. Және де дамыған елдің көзі ашық тұлғалары тұтынатын таза табиғи өнімнің тұтыну көрсеткіштері күннен күнге артып келе жатқанын ескере отырып, еліміздегі жергілікті нарықты аталмыш табиғи өніммен қамтамасыз етуді мемлекеттік деңгейде ұйымдастырып олардың өнімділік деңгейін де ұлғайтуға бірден-бір ден қоюымыз керек. Осыған орай, шаруа (фермер) қожалық негізінде жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік деңгейде жан-жақты ұйымдастыру қоғамдық мәселелердің қатарында. Аймақтық нарықты зерттей келе, агроөнеркәсіп саласындағы таза табиғи өнімді өндірушілер шаруа (фермер) қожалығының үлесінде. Сондықтан да қазіргі таңда жергілікті нарықты қалыптастырудағы олардың белсенділігін арттыру жан-жақты зерттеу арқылы жүзеге асырылуы керек.

Шаруа (фермер) қожалығы отбасылық кәсіпкерлік нысанда, жеке кәсіпкерлікке негізделген нысанда және жай серіктестікке негізделген нысандарда өз іскерлік қызметін жүзеге асырады. Аталған нысандарда құрылға шаруа (фермер) қожалықтарының мүліктеріне ретінде жер учаскелері, екпелер, орман қорлары, жабайы жануарлар, шаруашылық құрылыстары, мал, құс, техника, көлік жатады. Қожалық қызметінің нәтижесінде алынған

өнімдер мен табыстар ортақ меншікке жатады және келісім бойынша пайдаланылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Тарихтан белгілі егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігінің негізгі көзі және де дәстүрлі шаруашылығы кеңес дәуірі тұсында толық мемлекеттің бақылауына болған уақытты алғашқы даму кезеңіне жатқызатын болсақ, ал еліміздің егемендік алған уақыттан бастап нарықтық экономика элементтерінің орын алуын сонымен қатар алғашқы заң актілерінің қабылдануын, жеке меншікті заңды түрде мойындауын екінші кезең ретінде атап өтуге болады [3, 4]. Үшінші кезеңін нарықтық қатынастардың орнығуымен шаруа (фермер) қожалығының құқықтық мәртебесінің құрылу тәртібінің, жер пайдалану құқығының қалыптасуымен байланыстыруға болады [5]. Төртінші кезеңін 2010 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейінгі аралықты жатқызуға болады. Бұл кезде мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар күшейіп, субсидиялар мен несиелеу жүйесі күшейтілді. Қазіргі уақытта цифрландыру, инновация, жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері алға қойылып, басты көзделген бағыттар қатарында болып отыр [6]. Зерттеу нәтижесі бойынша шаруа (фермер) қожалығының осы уақытқа дейін қалыптасып дамуын 4 кезеңге жіктеуге болады. Аталмыш кезеңдерге топтастырылуын осы аралықтардағы қабылданған нормативті-құқықтық заңдарға, актілерге қатысты өзгеріске ұшырап отырған құбылыстар мен жер қатынастарының трансформациясымен тікелей байланысты.

Ал қазіргі таңдағы шаруа (фермер) қожалығының құқықтық негізі ретінде ҚР Конституциясы, ҚР кәсіпкерлік кодексін атап кетеміз. Қызмет ету формасына қарай жылдық кірісі мен ондағы жұмыспен қамтылған тұлғалар бойынша ерекшеленеді. Және де шағын және орта кәсіпкерлік негізінде өз қызметтерін жүзеге асырады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазақстанда тіркелген шаруа және фермер қожалықтарының саны - 251 635. Олар аграрлық сектордың негізгі өндірістік күші саналады және ауыл шаруашылығы өнімінің елеулі бөлігін өндіреді. Соңғы жылдары олардың саны мен өндіріс көлемі тұрақты өсіп келеді.

2025 жылға қарай фермерлердің басым бөлігі егін және мал шаруашылығымен айналысады: солтүстікте - дәнді және майлы дақылдар, оңтүстік пен батыста - мал шаруашылығы мен бақша дақылдары.

2024–2025 жылдары фермерлік қожалықтардың мамандану құрылымы үш негізгі бағытта қалыптасқан: мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және аралас үлгі. Мал шаруашылығы ауыл шаруашылығы өнімінің 60–70%-ын құрайды, әсіресе шағын қожалықтарда ірі қара басым. Өсімдік шаруашылығы егістік жерлерінің 40–50%-ын қамтиды, ал 2025 жылы майлы дақылдар бойынша алқаптар кеңейген. Қазақстанда негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі климаттық тәуекелдерге, әсіресе ылғал тапшылығына жоғары дәрежеде тәуелді [7]. Аралас үлгі - ең кең таралған формат, шамамен 80% шағын қожалықтар мал мен өсімдік өндірісін қатар жүргізеді, бұл ресурстарды тиімді пайдалану мен өндірістік тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Қазақстандық фермерлер 2024 жылы 114,7 млрд теңгеге мемлекеттік қолдау алды. Агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау аясында Ауыл шаруашылығы министрлігі 14 бағыт бойынша шаруаларды мемлекеттік қолдау шараларын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізуде. Қазақстанда 270 мыңнан астам ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер тіркелген, олардың 18 мыңнан астамы ірі заңды тұлғалар, қалғандары шағын және орта шаруа қожалықтары.

Шаруа қожалықтарын қаржыландыру көздері мен бағдарламалары деп аталатын кестеде фермерлерге арналған қаржыландыру жүйесінің көпдеңгейлі әрі кешенді екенін көрсетеді [8, 9]. Мемлекеттік институттар мен бағдарламалар техника жанартуға, өндіріс шығындарын азайтуға және өнімділікті арттыруға бағытталған. Субсидиялар мен жеңілдетілген несиелер ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына мүмкіндік береді. Болашақта бұл жүйені цифрландыру арқылы жеңілдету – басты мақсаттардың бірі.

Кесте 1. Шаруа қожалықтарын қаржыландыру көздері мен бағдарламалары

№	Институт Бағдарлама	Қызметі мен мақсаты	Мөлшерлеме	Аванс	Мерзімі	2025 ж. қаржыландыру көлемі
1.	АНК – Кең дала	Көктемгі егіс және жинау жұмыстарына қаржыландыру	1,5% (маржа ≤3,5%)	–	Келесі жылдың 10 наурызына дейін	140 000 млн тг
2.	АНК – Кең дала 2	Егіс және жинау жұмыстарына қаржыландыру	5% (тікелей), 1,5% (КТ/ЕДБ/МФО/РИК/ӘКК)	–	18 айға дейін	261 464 млн тг
3.	АНК – Агробизнес	Негізгі құралдар, құрылыс, айналым қаражаты, инвестициялық жобалар	ҚРҰБ базалық +7,5% (тікелей), +3,5% (КТ/ЕДБ/МФО/РИК), облигация – 5%/1,5%	–	12–120 ай	146 230 млн тг
4.	АНК – Агробизнес 2.0	Инвестициялық жобаларды қаржыландыру	12,6%	≥20% қоса қаржыландыру	180 айға дейін	–
5.	АНК – Искер	Негізгі құралдар, айналым қаражаты	6% (әлеуметтік топтарға – 4%)	–	60–84 ай	7 029 млн тг
6.	ҚазАгроҚаржы – «Қазақстанда жасалған» техника лизингі	Отандық техника лизингі	5%	≥10%	7 жылға дейін	268,9 млрд тг (10 393 бірлік)
7.	ҚазАгроҚаржы – Инвестсубсидиялар есебінен лизинг	Отандық техника лизингі	6%	≥15%	5–10 жыл	–
8.	ҚазАгроҚаржы – Экспресс-лизинг	Алдын ала төлемсіз техника лизингі	6%	0% бастап	10 жылға дейін	–
9.	ҚазАгроҚаржы – Жем-шөп техникасы және суару жүйелері	Мал шаруашылығының жем-шөп базасын қамтамасыз ету	6%	≥15–20%	5–10 жыл	–
10	ҚазАгроҚаржы – Агролизинг (12,6%)	Ірі және орта шаруашылықтарға техника беру	12,6%	≥15%	5–10 жыл	14,6 млрд тг (527 бірлік)

Бүгінгі таңда мемлекеттік субсидиялау ақпараттық жүйесінде 90 мың белсенді пайдаланушы тіркелген. Мемлекеттік жүйенің іске қосылуы шаруаларды мемлекеттік қолдау шараларымен қамтуды 19%-дан 32,2%-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді. Шағын және орта шаруа қожалықтары арасында мемлекеттік қолдау алушылардың саны артып, мақұлданған өтініштердің 25 пайызы ғана ірі заңды тұлғалардан келеді.

Жүйе сонымен қатар астықты сақтау, жинау және кептіру үшін арзандатылған дизель отынын үлестіру қызметін ұсынады. Дизель отынының қалдықтарын бөлу, жылжыту және есепке алудың барлық процестері автоматтандырылған.

Бүгінгі таңда барлық өңірлерден 45 590 өтінім беріліп, 114,7 млрд теңгеге 20 739 өтінім мақұлданды. Қалған өтініштерді облыстық ауыл шаруашылығы басқармалары қарауда. Бұл көрсеткіштер ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайтуға және сапасын арттыруға көмектесетін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мемлекеттік қолдау алу үдерісі байқалып отыр.

Қазақстанның фермерлік секторында соңғы жылдары мемлекеттік қолдау жүйелі түрде күшейді. Барлық облыстарда субсидиялар, жеңілдетілген несиелер, форвардтық келісімдер және «Ауыл Аманаты» сияқты бағдарламалар тиімді жұмыс істеп келеді. Нәтижесінде ауыл

шаруашылығының өнімділігі мен фермерлер табысы айтарлықтай артқан.

Солтүстік облыстар (Ақмола, СҚО, Қостанай, Павлодар) — елдің негізгі астық және дәнді дақыл өндіретін өңірлері. Мұнда форвардтық келісімдер, несиелі және тыңайтқыш субсидиялары кеңінен қолданылады. Өнім өткізу тұрақтылығы мен техника жаңаруы ең жоғары деңгейде, өнімділік шамамен 4–6 %-ға артқан.

Оңтүстік облыстар (Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Жетісу, Алматы) — суару, жылыжай және бақша шаруашылығына басымдық берілген аймақтар. Бұл өңірлерде инвестиция көлемі мен өнім әртараптануы жоғары. Экспортқа бағытталған өндіріс, әсіресе Түркістан облысында, белсенді дамып келеді.


Батыс өңірлер (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау) — мал және ет-сүт өндірісін дамытуда көш бастап тұр. «Ауыл Аманаты» бағдарламасы мен револьверлік несиелеу арқылы көптеген шағын жобалар іске асты. Қуаңшылық аймақтарда су үнемдеу технологиялары тиімді нәтиже берді.

Кесте 2. Қазақстан Республикасындағы шаруа қожалықтарын мемлекеттік қолдау шаралары

№	Облыс	Негізгі қолдау түрлері	Нақты жүргізіліп жатқан жұмыстар / мысалдар	Қолдау нәтижелері
1.	Абай облысы	Ұлттық бағдарламалар: субсидиялар, жеңілдетілген несиелер/лизинг, форвардтық келісімдер, агрокооперацияларды қолдау; жер беру, мал шаруашылығын дамыту	Асыл тұқымды мал өсіру, жайылымдар мен өңдеу кәсіпорындарын дамыту жобалары	Асыл тұқымды мал басы көбейді, жем-шөп базасы нығайды, техника жаңарды
2.	Ақмола облысы	Жеңілдетілген несиелі, 5% лизинг, тыңайтқыш пен жанармай субсидиясы, басым дақылдарға қолдау	Техника алу, форвард және несиелі арқылы егіс-орақ толық қаржыландырылды	Техника паркі 5–7% жаңарды, өнім көлемі артты, табыс тұрақталды
3.	Ақтөбе облысы	«Ауыл Аманаты», револьверлік несиелі, субсидиялар, кооперация	15 млрд тг – 2 800+ жоба қаржыландырылды	3 000 жұмыс орны, табыс 10–15% артты
4.	Алматы облысы	Ұлттық бағдарламалар, жылыжай және суару жобаларын субсидиялау	Жылыжайлар мен өңдеу кәсіпорындарына инвестициялар, фермерлерге субсидия, жер беру	Көкөніс-жеміс өндірісі өсті, жаңа жылыжайлар салынды
5.	Атырау облысы	Ұлттық субсидиялар, жеңіл несиелі, су ресурстарын басқару	Суару және инфрақұрылым жобалары, мұнай-газ саласының қолдауы	Суармалы жүйелер жаңарды, өңдеу үлесі артты
6.	БҚО	Жеңіл несиелі, субсидия, жер қатынастары қолдауы	Мал және өсімдік шаруашылығын дамыту, өңдеу кәсіпорындарын кеңейту	Ет-сүт шаруашылығы дамыды, зауыттар ашылды, экспорт басталды
7.	Жетісу облысы	Жылыжай, суару, жеміс-жидек бағдарламалары	Жылыжай кешендері мен бақшаларды субсидиялау, кооперация дамыту	Суару жақсарды, өнім көлемі өсті, экспорттық әлеует артты
8.	Қарағанды / Ұлытау	Лизинг, 5% несиелі, форвард, субсидия, жер реформалары	Жерді тиімді пайдалану, бордақылау алаңдары мен өңдеу кәсіпорындары	Өнімділік артты, ет өңдеу зауыттары ашылды
9.	Қостанай облысы	Форвард, жеңіл несиелі, субсидия, техника	12 млрд тг агрожоба – өңдеу және егін шаруашылығы	Егіс көлемі 3–5% артты, сақтау инфрақұрылымы жақсарды
10.	Қызылорда облысы	Суармалы және тамшылатып суару субсидиясы, жеңіл несиелі	Суару жүйелерін жаңарту, күріш/мақта өндірісін жаңғырту	Өнім шығымы артты, су тапшылығы азайды
11.	Маңғыстау облысы	Инфрақұрылым инвест жобалары, субсидия	Қуаң климатқа бейімделген мал және су үнемдеу жобалары	Мал шаруашылығы тұрақтанды, су үнемдеу технологиялары

				енгізілді
12.	Павлодар облысы	Лизинг, несие, форвард, өңдеуге инвестиция	14 млрд тг – мал және сүт өңдеу инфрақұрылымдары	Ет-сүт өндірісі артты, мал басы 4–6% көбейді
13.	СҚО	Форвард, жанармай/тұқым субсидиясы, лизинг	18,8 млрд тг өтінімдермен форвард жоғары белсенділік көрсетті	Айналым қаражаты көбейді, өнім өткізу жеңілдеді
14.	Түркістан облысы	Инвестқолдау, жылыжай, құс шаруашылығына несие/грант	30 млрд тг – 30+ инвест.жоба (жылыжай, құс фабрикасы)	2 000+ жұмыс орны, экспорт, өндіріс артты
15.	Жамбыл облысы	Суару, тыңайтқыш субсидиясы, инфрақұрылым гранттары, жеңіл несие	Суармалы жерлер мен жылыжайлар кеңейтілді, кооперативтер құрылуда	Көкөніс және мал азығы көлемі көбейді
16.	Ұлытау облысы	Мал шаруашылығы, жайылым жобалары, ұлттық бағдарламалар	Жайылым цифрлау, асыл тұқымды мал сатып алу	Мал басы көбейді, жайылым тиімділігі артты
17.	ШҚО	Форвард, лизинг, субсидия, суару	Мал шаруашылығын дамыту, техника жаңарту	Ет-сүт өндірісі өсті, кооперация күшейді

Шығыс және Орталық аймақтар (ВКО, Абай, Қарағанды, Ұлытау) — таулы және жартылай шөлейт өңірлерде мал шаруашылығы мен жайылым сапасын арттыру бағытында жұмыс жүргізілуде. Форвардтық қаржыландыру мен техниканы жаңарту есебінен өнім сапасы мен асыл тұқымды мал үлесі көбейді.



Сурет 1. Қазақстан Республикасы бойынша шаруа (фермер) қожалығын жетілдіру мақсатында атқарылатын шаралар

Жалпы алғанда, фермерлерге қаржыландыру қолжетімділігі едәуір артқан. Барлық облыстарда шаруалар жеңілдетілген несие мен субсидия алу мүмкіндігіне ие болды, бұл айналым капиталын ұлғайтып, табыстың тұрақтануына әсер етті.

Өнімділік орта есеппен 3–5 %-ға өсті, инфрақұрылым саласында 10-нан астам жаңа өңдеу кәсіпорны ашылды. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерінің қосылған құнын арттырып, өңдеу саласын күшейтті.

Фермерлік сектордың дамуы 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орнының ашылуына себеп болды. Осылайша, ауылдық аймақтардың әлеуметтік белсенділігі артып, көші-қон қарқыны баяулады.

Дегенмен, ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған стратегиялық бастамалар

кешенді түрде қарастырылуы қажет (сурет 1). Ең алдымен, жер қатынастары мен жайылымды басқаруды жетілдіру арқылы жер ресурстарын тиімді пайдалану және экологиялық тепе-теңдікті сақтау мүмкіндігі артады. Шағын және орта фермерлерге қаржылық қолжетімділікті кеңейту олардың тұрақтылығын күшейтіп, ауылдық экономикаға серпін береді. Цифрландыру мен инновациялық технологияларды енгізу өндірістің тиімділігін арттырып, деректерге негізделген шешім қабылдауға жағдай жасайды.

Өсімдік және мал шаруашылығын әртараптандыру тәуекелдерді азайтып, нарықтағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Кооперация және кластерлік дамуды қолдау фермерлердің бірлескен күшін күшейтіп, өнімді өңдеу мен өткізу тізбегін оңтайландырады. Экологиялық тұрақтылық пен органикалық өндірісті дамыту ұзақ мерзімді тұрақты ауыл шаруашылығын қалыптастырып, қоғамның денсаулығына оң әсер етеді. Сонымен қатар, білім беру және кеңес беру жүйесін күшейту фермерлердің кәсіби деңгейін көтеріп, жаңа технологияларды игеруіне мүмкіндік береді. Бұған қоса, ауылдық инфрақұрылымды дамыту өнімді нарыққа жеткізуді жеңілдетіп, әлеуметтік жағдайды жақсартады. Экспорттық әлеуетті арттыру халықаралық нарыққа шығуға жол ашып, фермерлердің табысын көбейтеді. Жастарды ауыл шаруашылығына тарту саланың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етсе, ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік жобаларды қолдау инновациялық шешімдердің енгізілуіне ықпал етеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасындағы шаруа (фермер) қожалықтарының қалыптасуы мен дамуы жер қатынастарының институционалдық негіздерімен, өндірістік мамандану ерекшеліктерімен және мемлекеттік қолдау тетіктерімен тығыз байланысты екенін көрсетті. Посткеңестік кезеңдегі жер реформалары фермерлік сектордың дамуына серпін бергенімен, жерге қолжетімділік, жайылымды тиімді пайдалану және ресурстардың тең бөлінбеуі сияқты мәселелер әлі де өзекті болып отыр.

Зерттеу нәтижелері фермерлік қожалықтардың басым бөлігі мал және өсімдік шаруашылығын біріктіретін аралас үлгіге негізделгенін көрсетті. Мал шаруашылығында жайылым ресурстарының сапасы мен басқару деңгейі өндірістің тұрақтылығын айқындайтын негізгі фактор болып табылады. Ал егін шаруашылығында өнімділік климаттық тәуекелдерге, агротехникалық шешімдерге және сорттық саясатқа жоғары дәрежеде тәуелді.

Цифрландыру мен қашықтан зондтау технологияларын қолдану фермерлік қожалықтардың өндірістік тиімділігін арттырудың маңызды құралы ретінде айқындалды. Спутниктік деректер, UAV технологиялары және агроклиматтық аудандастыру егістік пен жайылым жағдайын жедел бағалауға, тәуекелдерді азайтуға және ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар фермерлердің басқарушылық шешім қабылдау сапасын арттырып, өндірістің болжамдылығын күшейтеді.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, фермерлік қожалықтардың тиімді дамуы ішкі жерді басқару жүйесінің сапасына, кластерлік құрылымдардың қалыптасуына және нарықтық инфрақұрылымның қолжетімділігіне байланысты екені анықталды. Мемлекеттік субсидиялар, жеңілдетілген несие мен лизингтік бағдарламалар шағын және орта фермерлер үшін өндірісті кеңейтуге және технологиялық жаңаруға мүмкіндік беріп отыр. Алайда қолдау тетіктерінің тиімділігі оларды бөлу айқындығы мен өңірлік ерекшеліктерді ескеру деңгейіне тәуелді.

Экологиялық және әлеуметтік тұрғыда фермерлік қожалықтар ауылдық аумақтардың тұрақты дамуының негізгі тірегі болып табылады. Органикалық және экологиялық таза өндіріс тәсілдерін енгізу, жер мен су ресурстарын ұтымды пайдалану және климаттың өзгеруіне бейімделу ауыл шаруашылығының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды шарттары ретінде анықталды.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Қазақстандағы фермерлік қожалықтардың дамуы кешенді саясатты талап ететінін көрсетеді. Бұл саясат жер қатынастарын жетілдіруді, цифрлық технологияларды кеңінен енгізуді, шағын фермерлерді қаржылық және

институционалдық тұрғыда қолдауды, сондай-ақ экологиялық тұрақтылық қағидаттарын күшейтуді қамтуы тиіс. Алынған қорытындылар аграрлық саясатты жетілдіруде, фермерлік секторды дамыту бағдарламаларын әзірлеуде және болашақ ғылыми зерттеулер үшін теориялық және практикалық негіз бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. «Өндіріс әдісімен ЖІӨ құрылымы». Экономикалық шоттар бөлімі. <https://stat.gov.kz/industries/economy/national-accounts/>
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. «Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы». <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/>
3. Набиев С. Т., Садықов Т. С., Хасенова Ж. О. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шаралары: тарихы мен тәжірибесі (XX ғасырдың 20–30-жж.). Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. 2023. № 2. 207–218 б. DOI: 10.31489/2023HPh2/207-218. <https://history-philosophy-vestnik.buketov.edu.kz/history-philosophy-vestnik/article/view/627/556>
4. Қалыбаева А.М. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы аграрлық өзгерістер (1920–1930 жж.). Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Хабаршысы, №3. 2019. <https://vestnik.arsu.kz/index.php/hab/article/view/429/415>
5. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. Астана: ҚР Парламенті. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>
6. Кантарбаева Ш.М., Сұлтанбайұлы С., Жұмашева С.Т. Қазақстанның аграрлық секторындағы цифрлық экономиканың негізгі трендтері. Аграрлық нарық проблемалары. 2021. № 2. б. 46–54. DOI: 10.46666/2021-2.2708-9991.05 <https://www.jpri-kazniapk.kz/jour/article/viewFile/561/434>
7. Savin T., Morgounov A. Organic Crop Production in Kazakhstan: Agronomic Solutions and Bioresources. Resources, Vol. 14. No. 7 (108). 2025. DOI: 10.3390/resources14070108. <https://www.mdpi.com/2079-9276/14/7/108>
8. «ҚазАгроҚаржы» АҚ. Ресми сайт. <https://www.kaf.kz/>
9. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ. Ресми сайт. <https://www.agrocredit.kz/>

References

1. Qazaqstan Respublikasy Ұлттық статистика бюросы. «Өндіріс әдісімен ЖІӨ құрылымы». Экономикалық шоттар бөлімі <https://stat.gov.kz/industries/economy/national-accounts/>
2. Qazaqstan Respublikasy Ұлттық статистика бюросы. «Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы». <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/>
3. Nabiev S. T., Sadykov T. S., Hasenova J. O. Qazaqstandaғы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шаралары: тарихы мен тәжірибесі (XX ғасырдың 20–30-жж.). Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. 2023. № 2. 207–218 б. DOI: 10.31489/2023HPh2/207-218. <https://history-philosophy-vestnik.buketov.edu.kz/history-philosophy-vestnik/article/view/627/556>
4. Qalybaeva A.M. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы аграрлық өзгерістер (1920–1930 жж.). Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Хабаршысы №3. 2019. <https://vestnik.arsu.kz/index.php/hab/article/view/429/415>
5. Qazaqstan Respublikasynyñ Kәсіпкерлік kodeksı. Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksı 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. Астана: ҚР Парламенті <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>
6. Kantarbaeva Ş.M., Sұлтанбайұлы S., Jұmашева S.T. Qazaqstannyñ аграрлық секторындағы сифрлық экономиканың негізгі трендтері. Аграрлық нарық проблемалары. 2021. № 2. б. 46–54. DOI: 10.46666/2021-2.2708-9991.05 <https://www.jpri-kazniapk.kz/jour/article/viewFile/561/434>

7. Savin T., Morgounov A. Organic Crop Production in Kazakhstan: Agronomic Solutions and Bioresources. Resources, Vol. 14. No. 7 (108). 2025. DOI: [10.3390/resources14070108](https://doi.org/10.3390/resources14070108).
<https://www.mdpi.com/2079-9276/14/7/108>

8. «QazAgroQarjy» АҚ. Resmi sait. <https://www.kaf.kz/>

9. «Agrarlyq nesie korporasiyasу» АҚ. Resmi sait. <https://www.agrocredit.kz/>

СОСТОЯНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО ФИНАНСИРОВАНИЯ КРЕСТЬЯНСКИХ (ФЕРМЕРСКИХ) ХОЗЯЙСТВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

ЖАКУПОВА Б.А. , МАҒЗУМ А.А. 

*Жакупова Бакытгул Абдрашитовна – Кандидат экономических наук, старший преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Ақтөбе, Казахстан

E-mail: bzhakupova@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-6965-6006>

Мағзум Арыстан Аманкелдіұлы – Магистрант 1 курса, ОП 7М04105 Государственное и местное управление, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Ақтөбе, Казахстан

E-mail: Arystan.magzum@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-8720-9432>

Аннотация. В статье проводится комплексный анализ формирования, этапов развития и современного состояния государственного финансирования крестьянских (фермерских) хозяйств Республики Казахстан. Исследуются институциональные основы крестьянских хозяйств, особенности их производственной специализации и эффективность механизмов государственной поддержки. Выделены четыре этапа эволюции: от постсоветских земельных реформ до усиления субсидирования и льготного кредитования после 2010 года.

На основе эмпирических данных 2024–2025 годов проанализировано количество крестьянских хозяйств (свыше 251 635), объем государственной поддержки (114,7 млрд тенге, 20 739 одобренных заявок), ключевые программы («Кең дала», «Ағробизнес», «Ауыл Аманаты», лизинг «ҚазАгроҚаржы») и региональные особенности (север — зерновые культуры, юг и запад — животноводство и орошение).

Результаты показывают, что субсидирование и цифровизация способствовали росту производительности на 3–5 %, созданию более 10 тыс. рабочих мест и развитию сельской инфраструктуры. Однако сохраняются проблемы неравномерного распределения земельных ресурсов, климатических рисков и недостаточной региональной адаптации мер поддержки.

В заключение обосновывается необходимость совершенствования земельных отношений, широкого внедрения цифровых технологий (UAV, спутниковый мониторинг), расширения финансовой доступности для малых фермеров, поддержки кооперации и экологически чистого производства. Полученные выводы могут служить теоретико-методологической основой для совершенствования аграрной политики и дальнейших исследований.

Ключевые слова: крестьянские (фермерские) хозяйства, государственное финансирование, субсидии, льготное кредитование, аграрная политика, цифровизация, региональное развитие, устойчивость.

THE STATE OF GOVERNMENT FINANCING OF PEASANT (FARMER) HOUSEHOLDS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ZHAKUPOVA B.A. , MAGZUM A.A. 

*Zhakupova Bakytgul Abdrashitovna – Candidate of economic sciences, senior lecturer, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: bzhakupova@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-6965-6006>

Magzum Arystan Amankeldyuly – First-year master's student, EP 7M04105 State and local government, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: Arystan.magzum@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-8720-9432>

Abstract. The article contains a comprehensive analysis of the formation, development stages, and the state of state financing of peasant (farmer) families in the Republic of Kazakhstan. The article deals with the institutional aspects of the formation and development of peasant families, the specifics of the production specialization of peasant farms and the effectiveness of state support mechanisms. The article describes the evolutionary stages in the development of state support for peasant (farmer) families, which can be divided into four stages, from the post-Soviet land reform to the intensification of subsidization and the use of concessional lending after 2010.

Based on the empirical results for the 2024-2025 period, the article analyzes the number of peasant (farmer) families (more than 251,635), the volume of state support (114.7 billion tenge, 20,739 approved applications), and the results of state support programs («Кең дала», «Agrobusiness», «Auyyl Amanaty», «KazAgroFinance» leasing), and the regional characteristics (north – grain crops, south and west – livestock and irrigation).

The results show that subsidization and the use of digitalization technologies make it possible to increase the productivity of agricultural production by 3-5%, create more than 10,000 jobs, and develop rural infrastructure. However, there are some problems in the state support system, such as the unbalanced distribution of land resources, climate risks, and the lack of regionalization.

In conclusion, the need to improve land relations, the wide use of digital technologies (UAV, satellite), the development of financial accessibility, the formation of cooperation, and the development of environmentally friendly production is substantiated. The results can be used as the theoretical and methodological basis for refining agricultural policy and further research.

Key words: peasant (farmer) households, state financing, subsidies, concessional lending, agricultural policy, digitalization, regional development, sustainability.